

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық кезеңін өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық кезеңін өткізу ережелері (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызды кәсіби бағдар қызметіне тарту, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Форумның міндеттері:

1) өзінің өмірлік жолын, ізденіс қызметін жобалау жағдайында жүрген білім алушылардың қызығушылықтарын жандандыру;

2) кәсіби өзін-өзі анықтау сұрақтарында жоғары сыныптағылардың тиімді қоғамдық маңызды қызметін қолдау және дамыту;

3) көрнекті тұлғаларды анықтау және қолдау, кәсіби білім алуда шығармашылық қабілетті дамыту;

4) жасөспірімнің болашақ мамандық таңдауда отбасымен, мектеппен, шығармашылық ұжыммен және қоғаммен қарым-қатынастың инновациялық түрлерін дамыту;

5) білім алушылардың түрлі оқу орындарымен шығармашылық қарым-қатынас орнатуға және жұмыспен тәжірибе алмасуға ықпал ету.

2. Форумды өткізу мерзімі және реті

6. Облыстық форум **2025 жылғы 21 ақпан күні өткізіледі**. Аудандық, қалалық білім бөлімінің басшылары қолы қойылған, қатысу туралы өтінім (кестеге сәйкес толық толтыру), сондай-ақ форум номинацияларының жұмыстары **2025 жылғы 14 ақпанға дейін** ілеспе хатты ұйымдастырушының ***kosymsha.bilim.bery@mail.ru*** электронды поштасына жолдану қажет.

7. Хатқа қоса тіркеледі:

1) Облыстық форумға аудандық/қалалық кезеңінің жеңімпаздарының қатысуға өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған тегі, аты-жөні, туған жылы, сыныбы, оқу орны, білім беру ұйымының, еріп келуші жетекшісінің толық аты-жөні мен телефоны);

Қатысушылар мен топ жетекшісі туралы берілген мәліметтердің дұрыстығы мен нақтылығына жіберуші тарап жауапты.

3. Форумға қатысушылар

10. Форумға жеңімпаздары – жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады. Қатысушылардың жасы: **11-17 жас**.

11. Жалпы қатысушылардың саны – **9** қатысушы.

4. Форумды өткізу тәртібі және шарты

12. Балаларды бұқаралық іс-шараларға қатыстыру арқылы қосымша білім беру жүйесінде қамтылуын арттыру үшін Форум екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – мектепшілік:

аудандық (қалалық);
облыстық Байқау
2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Форум.

13. Форум келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Мен мамандықты таңдаймын...» таңдалған мамандықтар бойынша презентациялар байқауы. **3 қатысушы** презентация ұсынады: 1 қазақ, 1 орыс, 1 ағылшын тілдерінде.

Презентацияның мазмұны:

- бұл мамандық авторға не үшін тартымды;
- кәсіптің шығу тарихы;
- мамандықтың мазмұны;
- осы мамандық бойынша атақты адамдар;
- адамның осы мамандыққа қажетті қасиеттері, қабілеттері;
- мамандықтың оң және кері (жақсы – жаман) жақтары;
- осы мамандық бойынша қайдан білім алуға болады;
- осы мамандық бойынша жұмыс істеуге болатын салалар;
- маманның мансаптық болашағы;
- қазіргі уақытта еңбек нарығында мамандардың сұранысы.

Презентацияға қойылатын талаптар: презентация 10-15 слайд болуы керек. Файл өлшемі – 5 мб-тан аспайды; форматы – PowerPoint; бастапқы бетте: облыс, білім беру ұйымының аталуы, презентацияның тақырыбы, автордың Т.А., сыныбы, презентацияда дыбыстық сүйемелдеуді, фотосуреттерді қолдануға болады; презентацияда бірыңғай стильді (түс, қаріп – өлшем, сызба, туралау) сақталуы көрсетілуі керек.

Бағалау өлшемдері:

- ақпараттың өзектілігі, негіздемесі;
- ақпаратты ресімдеуге және беруге шығармашылық көзқарас;
- техникалық талаптарға сәйкестігі;
- ақпараттың логикалық және дәйекті орналасуы;
- тақырыпты ашу (мазмұнның толықтығы);
- слайдтар санының талаптарға сәйкестігі;
- мәтіндік және графикалық ақпаратты слайдтар бойынша орынды бөлу.

2. «Менің кәсібім - менің бизнесім» - бизнес жобалар байқауы. **3 қатысушы** бизнес-жобаларды қазақ немесе орыс тілдерінде қорғайды (таңдау бойынша).

Бизнес-жобаға қойылатын жалпы талаптар: презентация 10-15 бет, файлдың өлшемі – 5 МБ-тан аспайды, бизнес-жоспардың бастапқы бетінде облыс, білім беру ұйымының аталуы, жобаның тақырыбы, өз аты-жөні, сыныбы, жетекшінің аты-жөні, тегі көрсетілуі керек. Презентация бір стильде жасалуы қажет (түсі, қаріп – көлемі, сызылуы, туралауы).

Бизнес-жобаның құрамы мен құрылымы: мақсаты, жобаның міндеттері, сипаттамасы, өзектілігі, жоба стратегиясы (іске асырылу мерзімі), маркетинг, өндіріс, қаржылық жоспары, қауіп-қатерді бағалауы.

Бағалау өлшемдері:

- бизнес-идеяның толықтығы, ашылуы;
- жобаның елдің заманауи экономикалық дамуы үшін өзектілігі;
- ұсынылған ақпараттың құрылымдылығы мен дәйектілігі;
- жоспарды ойластыруы, тәуекелділікті ескеруі;
- безендіру сапасы мен көрнекілігі.

3. «Жас мобилограф» - бейнероликтер мен бейнесюжеттер байқауы, (қашықтан). **3 қатысушы** смартфонға түсірілген ең жақсы жұмыстарын көрсетеді, белгілі бір кәсіпке арналған бейне жарнамаларды және телефон камерасы арқылы әртүрлі эмоцияларды,

қызықты сәттерді креативті түрде үздік жұмыстарын қазақ және орыс тілдерінде (таңдау бойынша) ұсынады.

Бейнероликке қойылатын техникалық талаптар:

- роликтің ұзақтығы 3 минуттан аспайды;
- кадр тараптардың қатынасы - 16: 9;
- стандартты ажыратымдылығы: HD, Full HD;
- оңтайлы өлшем - 1280 x 720;
- ені – кем дегенде 600 пиксель;
- бейне форматы – MP4.

Бағалау өлшемдері:

роликтің көрсетілген тақырыпқа сәйкестігі;
ақпараттың өзектілігі, көлемі және мазмұны;
техникалық іске асыру: бейне түсіру сапасы;
бейне ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау (3 минуттан аспайды);
бейне жазу сапасы;
техникалық талаптарға сәйкестігі;
білікті мамандармен бейне сұхбат форматын сақтау: бейнеде сұрақтарға жауап беретін кем дегенде бір ересек адам болу керек.

16. Көрсетілген номинациялар бойынша шығармашылық жұмыстарды орындау әр қатысушы үшін міндетті шарт болып табылады. Әр номинацияға қатысу міндетті. Бір қатысушы бір жобаны ұсынады.

5. Форум қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

17. Кәсіби қазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының мүшелері бағалау парақтарын толтырады, байқау жұмыстарын бағалау өлшемдеріне сәйкес балл қояды. Қазылар алқасының шешімі нақты және хаттамамен ресімделеді.

Форумның қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

АППЕЛЯЦИЯ ҚАРАСТЫРЫЛМАЙДЫ.

Анықтама телефоны: 8 (7142) 71-01-89

Ережеге қосымша

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық кезеңіне қатысуға өтінім

| Номинация | Жұмыстың аталуы | Ютуб арнасын а сілтеме | Қатысушының Т.А.(туу туралы куәлік немесе куәлік бойынша) | Туған жылы | Қатысушының тұрғылықты мекенжайы, электронды поштасы, телефоны | Білім беру ұйымы, сыныбы | Жоба жетекшісінің Т.А.Ә., электронды поштасы, телефоны |
|-----------|-----------------|------------------------|---|------------|--|--------------------------|--|
| | | | | | | | |